

«ПМХЗ» ЖШС-нің 2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпанға дейінгі есептік кезең үшін тұтынушылар алдында жылу және электр энергиясын беру және тарату қызметтерін, сондай-ақ 2023 жылға арналған коммуналдық қызметтерді көрсету қызметі туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі

2024 жылғы 29 наурызда «Обозрение недели» газетінің № 11 (726) нөмірінде «ПМХЗ» ЖШС табиғи монополия субъектісінің 2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпанға дейінгі есептік кезең үшін жылу және электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ 2023 жылғы коммуналдық қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы тұтынушы кәсіпорындар алдындағы есебінің тыңдауын 2024 жылғы 24 сәуірде өткізетіні туралы хабарландыру жариялады.

«ПМХЗ» ЖШС Қазақстанның ірі мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі және 89%-дан астам мұнай өңдеу тереңдігін қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылар жинақталған Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 6 млн. тонна шикі мұнайды құрайды.

Зауытта әртүрлі маркалы автобензинді, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды, дизель отынын, вакуумдық газойльді, сұйылтылған газдарды, мазутты, мұнай битумдарын, мұнай коксін, күкіртті қамтитын өнімдердің кең ассортименти бар.

«ПМХЗ» ЖШС Павлодар облысы бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мынадай қызмет түрлері бойынша мемлекеттік тіркеліміне енгізілді:

- сумен жабдықтау және су бұрып жіберу қызметтері (тарату желілері бойынша ауыз және техникалық су беру, ағынды суды бұрып жіберу);

- электр энергиясын беру және тарату қызметтері;

- жылу энергиясын беру және тарату қызметтері;

2023 жылдың қорытындылары бойынша «ПМХЗ» ЖШС сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша қуаты аз табиғи монополиялар субъектісі болып табылатындығына байланысты тұтынушылар алдындағы есеп Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-26-баптарымен реттеленетін табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС міндеттерін орындау мақсатында электр және жылу энергиясын беру қызметтері бойынша өткізіледі. Осы есеп, бекітілген тарифтік сметалардың, инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы ақпарат кәсіпорынның сайтында орналастырылды.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС бекітілген инвестициялық бағдарламаларының орындалуы туралы ақпарат

Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті қосалқы тұтынушыларды жылумен және электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында 2023 жылғы 27 ақпандағы № 18-НҚ, 2021 жылғы 15 қарашадағы №98-НҚ бұйрықтармен «ПМХЗ» ЖШС-нің 2022 жылғы 01 қаңтардан 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге жылу және электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерге қатысты екі инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаларға қосалқы тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша мүдделерін қозғайтын «ПМХЗ» ЖШС іс-шаралары ғана енгізілген. Инвестициялық салымдардың тарифке әсері шығындарды

өзіндік тұтыну мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең бөлуді ескере отырып, амортизациялық аударымдармен шектеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының» «Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі» 10-тараудың 323-бабына, «Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібі» 13-тараудың 367-бабына сәйкес тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту кезінде табиғи монополиялар субъектілері үшін қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін бекітіледі.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС тарифтері табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолданып бекітілгеніне байланысты «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін, мақсатты және басқа да көрсеткіштерді уәкілетті орган бекіткен жоқ.

Жылу энергиясын беру қызметіне қатысты бекітілген Инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат

Павлодар облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының 2023 жылғы 27 ақпандағы №18-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментінің 2023 жылғы 28 ақпандағы №19-НҚ бірлескен бұйрықтарымен 2022 жылғы 01 қаңтардан 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге «ПМХЗ» ЖШС-нің жылу энергиясын беру және тарату жөніндегі инвестициялық бағдарламасына субъектіге тәуелді емес себептерге байланысты түзету бекітілді.

2023 жылы екі консольді сорғыны сатып алуға жоспарланған инвестициялар сомасы ҚҚС қоспағанда 23 619 мың теңгені, соның ішінде 2022 жылдан көшірілген 10 369 мың теңгені және 2023 жыл үшін 13 250 мың теңгені құрайды.

№ 800611 бір көзден тәсілімен сатып алу туралы шешімге сәйкес 2022 жылғы 30 желтоқсанда «KARLSKRONA LC AB» ЖШС-мен №800611/2022/1 шарт жасалды, оған сәйкес 2023 жылғы сәуірде консольді сорғы жеткізілді және 2023 жылғы қазанда пайдалануға енгізілді.

Бір көзден тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы 2023 жылғы 30 наурыздағы № 843516 шешімге сәйкес 2023 жылғы 11 сәуірде «ПМХЗ» ЖШС мен «KARLSKRONA LC AB» ЖШС арасында «Су және басқа да таза, химиялық бейтарап сұйықтықтарға арналған сорғы, консольді бір сатылы берілімі – 300 м³/сағ., сорғы агрегатының маркасы – СНР 50-315» жабдығын сатып алу туралы № 843516/2023/1 шарт жасалды. Тауар 2023 жылдың желтоқсан айында жеткізілді және барлық монтаждау жұмыстары жүргізілгеннен кейін 2024 жылдың ақпан айында пайдалануға берілді.

2023 жылы бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау шеңберінде барлығы 20 538,4 мың теңге (6 399,3+ 14139,1 мың теңге) сомасына 2 сорғы агрегаты пайдалануға берілді, сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижесінде үнемдеу шықты. Сорғы агрегаттары қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беруге және таратуға қатысатын ескірген өндірістік қорды жаңартты.

Электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген Инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат

«ПМХЗ» ЖШС-нің 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге электр энергиясын беру және тарату жөніндегі инвестициялық бағдарламасына сәйкес 2023 жылы WMSWP май ажыратқышын RSW-10 тарату құрылғысы үшін бейімдеу жиынтығымен ҚҚС-ты қоспағанда 2 546 мың теңге сомасына ВВ/TEL вакуумдық ажыратқышына ауыстыру көзделген. 2023 жылғы 28 наурызда «Таврида Электрик Астана» ЖШС-мен 2 974,8 мың теңге сомасына (ҚҚС қоспағанда) вакуумдық ажыратқышты жеткізуге шарт жасалды.

Монтаждау мен баптауды және сынауды орындағаннан кейін RSW-10 шкафтарына арналған бейімдеу жинағы бар №25 РП-080 ұяшық ВВ/TEL-10кВ 20кА вакуумдық ажыратқышы 2023 жылғы 06 қыркүйекте пайдалануға берілді.

Вакуумдық ажыратқыш қосалқы тұтынушыларға электр энергиясын беруге және таратуға қатысатын ескірген өндірістік жабдықты жаңартады.

Бекітілген тарифтік сметаларды баптар бойынша орындауға көшейік.

Жылу энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті толығырақ қарастырайық.

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	01.03.2023ж. мен 29.02.2024ж. аралығындағы нақты көрсеткіштер	ауытқу, мың теңге	ауытқу, %
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы	60 507,1	142 608,5	82 101,35	135,7
1	Амортизация	2 985,0	7 319,6	4 334,60	145,2
2	Басқа шығындар, барлығы	33 818,6	63 534,9	29 716,28	87,9
	соның ішінде				
2.1.	жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметі	33 782,9	63 469,1	29 686,18	87,9
2.2.	күзет қызметтері	13,4	25,3	11,90	88,8
2.3.	өрттен қорғау қызметтері	22,3	40,5	18,20	81,6
II	Кезең шығыстары, барлығы	75,3	117,4	42,10	55,9
3	Жалпы және әкімшілік, барлығы, соның ішінде	75,3	117,4	42,10	55,9
3.1.	ақпараттық қызметтер	75,3	117,4	42,10	55,9
III	Қызметтер көрсетуге арналған барлық шығындар	60 582,4	142 725,9	82 143,46	135,6
IV	Кіріс (АРБ * ПМ)/ залал	3 150,0	-84 023,9	-87 173,86	-2 767,4
V	Барлық кірістер	63 732,4	58 702,0	-5 030,40	-7,9
VI	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	335,177	308,714	-26,46	-7,9
VII	Бу беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар	1,90	3,7	1,84	97
		3,640	10,797	7,157	196,6
		21 163,6	69 016,9	47 853,30	226,1
	Жылыту суын беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар	7,10	6,8	-0,32	-4,6
		1,3599	1,3765	0,0166	1,2
	2 539,90	2 737,1	197,18	7,8	

VIII	Тариф	190,15	190,15	0,00	0,0
IX	Қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар	190,15	462,32	272,17	143,1

2023 жылға жылу энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген тарифтік смета 60 582,4 мың теңгені құрайды. Есептік кезеңдегі нақты шығындардың жалпы сомасы – 142 725,9 мың теңгені құрады, кәсіпорыннан есептік кезең қорытындылары бойынша қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсету нәтижесінде 84 023,9 мың теңге мөлшерінде залал шықты. 1 Гкал жылу энергиясын көрсетуге қосалқы тұтынушылар үшін нақты шығындар бекітілген **190,15 теңге/Гкал** тарифпен **462,32 теңге/Гкал** құрады.

«ПМХЗ» ЖШС-нің шығындары қызметтер тұтынушылары (өзіндік тұтыну және қосалқы тұтынушылар) арасында қызметтерді тұтыну көлемдеріне тепе-тең бөлінеді.

Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес шығындардың артық жұмсалуды «Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар» баптары бойынша туындады.

«Амортизация» шығындар бабы – бекітілген тарифтік сметада 2 985 мың теңге, есептік кезеңдегі нақты амортизациялық аударымдар - 7 319,6 мың теңге. Амортизациялық аударымдардың сомасы шығындарды өзіндік тұтыну мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең бөлуді ескере отырып, жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған негізгі құралдардың құнынан амортизациялық аударымдар үлесі ретінде есептеледі.

Нақты амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарлама жобасын қаржыландыру көзі болып табылады.

«Басқа шығындар» төмендегі қызметтерде ұсынылған:

«Жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметі» - бекітілген тарифтік сметада 33 782,9 мың теңге, нақты шығындар – 63 469,1 мың теңге. 29 686,18 мың теңге сомасына немесе 87,9% артық жұмсалым бекітілген тарифтік сметадағы қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

2023 жылғы 01 шілдеге дейін зауыттың өз мұқтажы үшін де, қосалқы тұтынушылар үшін де жылу энергиясын қамтамасыз етуге және беруге тартылған негізгі құралдардың меншік иесі, соның ішінде құбырлардың меншік иесі болып табылатын «ПМХЗ» ЖШС және «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС арасында 2021-2023 жылдарға магистральдық, жергілікті құбырларға және т.б. жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және ұстау туралы 2021 жылғы 09 сәуірдегі №548518/2021/1 ұзақ мерзімді шарт жасалды. Аталған компания «ПМХЗ» ЖШС-ге жоғарыда аталған қызметтерді ұсына отырып, желілерге қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қажетті материалдарды, бұйымдарды сатып алуды, өз жұмыскерлері үшін арнайы киімдер мен еңбекті қорғау материалдарын сатып алуды дербес жүзеге асырады, сонымен қатар өзге де қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.

2023 жылғы 30 маусымда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС және «ПМХЗ» ЖШС-арасындағы №548518/2021/1 шарт №548518/2023/1-4 бұзу туралы келісім негізінде бұзылды және магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа да жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметтерін 2023 жылғы шілдеден бастап басқа ұйым жүзеге асырмайды.

«Күзет қызметтері» - 11,9 мың теңге сомасына немесе 88,8% артық жұмсалым аумақты қорғау қызметтері құнының ұлғаюымен байланысты. «ПМХЗ» ЖШС объектілерін күзету қызметтерін есепті кезеңде «Күзет-Павлодар» ЖШС 2023 жылғы

01 ақпандағы №818379/2023/1 және 2023 жылғы 26 мамырдағы №845166/2023/1 шарттар және 2023 жылғы 28 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 қаңтардағы қосымша келісімдер бойынша жүзеге асырды.

«Өртке қарсы қорғау қызметтері», бекітілген тарифтік сметада 22,3 мың теңге, нақты – 40,5 мың теңге. 18,2 мың теңге сомасына немесе 81,6% артық жұмсалым басқа ұйым көрсететін қызметтер құнының өсуімен және тарифті бекіту кезінде қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты. Өрт күзеті қызметтерін «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС 2022 жылғы 07 сәуірдегі №689647/2022/1 ұзақ мерзімді шарт және оның қосымша келісімдері бойынша көрсетеді.

«ПМХЗ» ЖШС зауытқа қызмет көрсететін басқа ұйымдар орналасқан аумақтың меншік иесі болып табылады, сонымен қатар негізгі құралдардың – жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсетуге тартылған жылжымалы және жылжымайтын мүліктің меншік иесі болып табылады, осыған байланысты объектілер мен мүлікті қорғау бойынша шығындарды көтереді. «ПМХЗ» ЖШС-нің «Күзет-Павлодар» ЖШС-мен қорғалатын аумақтағы объектілер мен мүлікті күзету қызметтері бойынша шарттық қатынастары және «Өрт Сөндіруші» АҚ-мен «ПМХЗ» ЖШС объектілерінде өрттерді сөндіру, аварияларды жою, авариялық құтқару және газдан құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстардың алдын алу және жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге шарттық қатынастары бар.

«Өртке қарсы қорғау қызметтері» және «күзет қызметтері» баптары бойынша шығындар зауыттың (барлығы 443,3758 Га) және жылу энергиясын беру және тарату қызметтерін көрсететін учаскенің (0,056277 Га) алып жатқан алаңына тепе-тең бөлінеді, бұдан әрі шығындар қосалқы тұтынушылар мен зауыттың қызметті тұтыну көлемі бойынша бөлінеді. Күзет агенттігі қоятын қызметтердің құнынан жылу энергиясын беру қызметін көрсетуге байланысты емес посттарды күзетуге келетін қызметтердің құны алынады.

«Нормативтік ысыраптар» бабы бойынша шығындар тұтынылатын жылу энергиясы көлемінің ысырап пайызы негізінде есептелген. Қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсету кезінде будың да (12 және 40 ата) және ыстық судың да шығыны орын алады.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде қызметтерді өндіруге жұмсалған шығындарға 21 163,6 мың теңге сомасына будағы ысыраптардың 1,9%-ы және 2 539,9 мың теңге сомасына жылыту суындағы ысыраптардың 7,1%-ы қосылды.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің будағы жылу энергиясын беру және тарату қызметіне нақты техникалық ысыраптары 1 Гкал үшін 3,7%-ды құрайды, бұл 10,797 мың Гкал немесе 69 016,9 мың теңге, ал бұл 7,157 мың Гкал (47 853,3 мың теңге) немесе бекітілген тарифтік сметада көрсетілгеннен 196,6%-ға артық.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің жылыту суындағы жылу энергиясын беру және тарату қызметіне нақты техникалық ысыраптары нақты ысыраптар есебіне сәйкес бекітілген 7,1%-дың орнына 1 Гкал үшін 6,8%-ды құрады (4,6%-ға төмендеу).

Жылыту суын беру кезіндегі нақты ысыраптар 1,3765 мың Гкал және 2 737,1 мың теңгені құрады, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 0,0166 мың Гкал (197,18 мың теңге) немесе 7,8%-ға артық.

«Кезең шығыстары» - «Ақпараттық қызметтер» шығындар бабы бойынша бекітілген тарифтік сметадағы сома – 75,3 мың теңге, нақты шығындар – 117,4 мың теңге, яғни 42,1 мың теңгеге жоғары (55,9%).

Есепті кезеңде кәсіпорын реттелетін қызмет бойынша пайда таппады.

Жылу энергиясын беру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты өзіндік құнының 190,15 теңгеден 462,32 теңгеге/Гкал-ға ұлғаюына байланысты 84, 024 млн. теңге сомасына шығын шығаруға жол берілді.

Тарифтік сметаның баптары бойынша қаражаттың артық жұмсалыуының негізгі себебі – бұл көрсетілетін қызметтер құнының ұлғаюы және бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеуі.

Тарифтік сметадағы шығындардың артуының негізгі үлесі басқа ұйым көрсететін жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметіне және «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің 12 және 40 ата будағы жылу энергиясын беру және тарату қызметіне нақты техникалық шығындарының бекітілген тарифтік сметамен салыстырғанда ұлғаюына тиесілі.

Есептік кезеңде жылу энергиясын беру және тарату қызметін іске асырудан түскен түсім 58 702 мың теңгені құрады. Түсімнің бекітілгеннен 7,9%-ға төмендеуіне көрсетілетін қызметтер көлемінің 7,9%-ға төмендеуі әсер етті.

Электр энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті толығырақ қарастырайық

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	01.03.2023ж. мен 29.02.2024ж. аралығындағы нақты деректер	Ауытқу, мың теңге	Ауытқу, %
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге	20 082,9	149 724,8	129 641,9	645,5
1	Амортизация	-"	670	1 715	1 045	156
2	Басқа шығындар, барлығы, соның ішінде	-"	19 412,9	148 009,8	128 596,9	662,4
2.1.	Электрлік, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету қызметтері	-"	14 858,5	140 259,5	125 401	844
2.2.	Күзет қызметтері	-"	3 447,4	6 069,9	2 622,5	76,1
2.3.	Өртке қарсы қорғау қызметтері	-"	957,0	1 402,7	445,7	46,6
2.4.	Инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтері	-"	150	277,7	127,7	85,1
II	Кезең шығыстары, барлығы	-"	75,3	117,4	42,1	55,9
3	Жалпы және әкімшілік, барлығы, соның ішінде	-"	75,3	117,4	42,1	55,9
3.1.	ақпараттық қызметтер	-"	75,3	117,4	42,1	55,9
III	Қызметтерді ұсынуға кеткен барлық шығыстар	-"	36 746,8	166 606	129 859,2	353,4
IV	Кіріс (АРБ * ПМ)	-"	1 876	-134 518,1	-136 394,1	-7 270,5
V	Барлық кірістер	-"	38 623	32 087,9	-6 534,9	-16,9
VI	2020 жылғы қосымша алынған кірісті өтеу	-"	700			

VII	Барлық кірістер, қосымша кірісті өтеуді шегергенде	-"	37 923	32 087,9	-5 834,9	-15,4
VIII	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың кВтс	93 032,6	78 653,222	-14 379,4	-15,5
IX	Нормативтік техникалық ысыраптар	мың кВтс	1 023,4	865,186	-158,2	-15,5
		мың теңге	16 588,6	16 763,8	175,2	1,1
		%	1,1	1,1	0,0	0,0
X	Тариф	теңге/кВтс	0,408	0,408	0,0	0
XI	Қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар	теңге/кВтс	0,408	2,12	1,71	419,6

2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпан аралығындағы электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген тарифтік смета 36 746,8 мың теңгені құрайды. Осы есептік кезеңдегі нақты шығындардың жалпы сомасы 166 606 мың теңгені құрайды, осылайша, кәсіпорын қосалқы тұтынушыларға электр энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсету нәтижесінде 134, 518 мың теңге мөлшерінде шығынға ұшырады.

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 93 032,6 мың кВтсағ. құрайды, қызметті тұтынудың нақты көлемі 15,5%-ға кем және 78 653,222 мың кВтсағ. құрайды.

Электр энергиясын беру және тарату қызметін іске асырудан түскен түсім 32 087,9 мың теңгені құрайды. 1 квт/сағ электр энергиясы қызметін көрсетуге қосалқы тұтынушылар үшін нақты шығындар бекітілген 0,408 теңге/кВт/сағ. кезінде 2,12 теңге/кВт/сағ. құрады.

«ПМХЗ» ЖШС-нің қызмет тұтынушылары арасындағы шығындары (өзіндік тұтыну және қосалқы тұтынушылар) қызметтерді тұтыну көлемдеріне тепе-тең бөлінеді.

«Амортизация» шығындар бабы – бекітілген тарифтік сметада 670 мың теңге, нақты амортизациялық аударымдар – 1 715 мың теңге. Амортизациялық аударымдардың сомасы тікелей және бірлесіп іске қосылған негізгі қаражаттарға шығындарды бөлуді ескере отырып, электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған негізгі қаражатты негізге алына отырып есептеледі, мұнда тікелей іске қосылғандар толығымен реттелетін қызметке жатады, ал бірлесіп іске қосылғандар - өз тұтынуы мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең есептеледі.

Нақты амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарлама жобасын қаржыландыру көзі болып табылады.

Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сай шығындардың артық жұмсалымы **«Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар»**, атап айтқанда **«Электрлік, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету қызметтері»** бабына сәйкес орын алды.

Бұрынғы Электрмен жабдықтау цехының бәсекелестік ортаға шығарылуына байланысты, «ҚазМұнайГаз-ӨМ» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 13/2015 шешімімен бекітілген МӨЗ («АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС) бизнес-үдерістері реинжинирингінің 2014-2017 жылдар аралығындағы бағдарламасын іске асыру шеңберінде, соған сәйкес бейінді емес активтер мен қызметтің қосалқы түрлерін «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС құрылымынан аутсорсингке шығару, электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған персоналды күтіп ұстауға және қажетті еңбек жағдайларын жасауға кеткен шығыстарды басқа ұйым – «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС көтереді, осы ұйыммен «ПМХЗ» ЖШС 2023 жылғы

01 қарашаға дейін шарттық қатынаста болды. Демек, бекітілген және есептік тарифтік сметаларда жалақы мен аударымдар, материалдық және басқа шығындар туралы баптар жоқ. 2023 жылғы 31 қазанда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС мен «ПМХЗ» ЖШС арасында жасалған 2021 жылғы 15 сәуірдегі №565649/2021/1 шарт №565649/2023/1-2 бұзу туралы келісіммен бұзылды және 2023 жылғы қарашадан бастап басқа ұйым электрлік, электр тарату/реттеу жабдығына қызмет көрсету қызметтерін жүзеге асырған жоқ.

«Электрлік, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету қызметтері»: тарифтік сметада 14 858,5 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзінде шығындар 140 259,5 мың теңгені құрады, 125 401 мың теңге сомасына қаражаттың артық жұмсалымы (8,4 есе) бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты (уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде жоғарыда аталған қызметтерге кеткен шығындарды жасалған шарттарға сәйкес толық көлемде қабылдаған жоқ).

«Күзет қызметтері» - бекітілген тарифтік сметада -3 447,4 мың теңге, нақты шығындар 6 069,9 мың теңге, бұл 2 622,5 мың теңгеге немесе 76,1%-ға жоғары. Ауытқу қызметтер құнының артуына және бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

Есепті кезеңде «ПМХЗ» ЖШС үшін объектілерді күзету қызметтерін «Күзет-Павлодар» ЖШС 2023 жылғы 01 ақпандағы № 818379/2023/1 және 2023 жылғы 26 мамырдағы №845166/2023/1 шарттар және 2023 жылғы 28 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 қаңтардағы қосымша келісімдер негізінде жүзеге асырды.

«Өртке қарсы қорғау қызметтері» - бекітілген тарифтік сметада 957 мың теңге, нақты шығындар – 1 402,7 мың теңге, ауытқу (+445,7) мың теңге сомасына немесе 46,6%-ды құрайды. Ауытқу қызметтер құнының артуына және бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

Өрт күзеті қызметтерін «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС 2022 жылғы 07 сәуірдегі №689647/2022/1 ұзақ мерзімді шарт және оған арналған қосымша келісімдер бойынша көрсетеді.

Өртке қарсы қорғау қызметтері и күзет қызметтері, соның ішінде «ПМХЗ» ЖШС электр желілері объектілері мен қосалқы станцияларын күзету шығындарын бөлу күзетілетін аумаққа (барлығы 443,3758 Га) және электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету үшін пайдаланылатын алаңға (3,8472 Га) барабар жүзеге асырылады. Содан кейін ақшалай қаражат түріндегі шығындар көрсетілген қызметтердің көлемдеріне тепе-тең бөлінеді. Күзет агенттігі қоятын қызметтердің құнынан электр энергиясын беру қызметін көрсетуге байланысты емес посттарды күзетуге келетін қызметтердің құны алынады.

Инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтеріне шығындар бабы. Тарифтік сметада 150 мың теңге бекітілді, нақты шығындар 277,7 мың теңгені құрады, артық жұмсалым 127,7 мың теңге немесе 85,1%.

«Кезең шығыстары» - «Ақпараттық қызметтер» шығындар бабы бойынша 117,4 мың теңге сомасындағы нақты шығындар тарифтік сметада бекітілген 75,3 мың теңгеден 42,1 мың теңгеге (55,9%) жоғары, бұл жарияланымдар құнының өсуіне байланысты болып отыр.

«Нормативтік ысыраптар» бойынша шығындар бабы нақты ысыраптар пайызы бойынша тұтынылатын энергия көлемінен есептеледі.

Есептік кезеңде нақты техникалық ысыраптар 865,186 мың/кВтсағ. немесе 1,1%-ды, ал бекітілгені 1,1% және жылдық ысырап көлемі 1023,4 мың/ кВтсағ. құрады. Жылдар бойынша тарифтік сметада бекітілгенге қарағанда нақты нормативтік

техникалық ысыраптардың 15,5%-ға кемуі көрсетілген қызметтер көлемінің 15,5%-ға төмендеуімен байланысты болып отыр.

Тарифтік сметаның баптары бойынша қаражаттың артық жұмсалудың негізгі себебі, бұл көрсетілетін қызметтер құнының ұлғаюы және бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеуі.

Бұл есепте біз реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын, табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қарастырмайтынымызды атап өткен жөн, өйткені «ПМХЗ» ЖШС үшін бұл көрсеткіштер бекітілмеген.

Табиғи монополия саласына жататын қызметтерді көрсетудің негізгі қаржылық-экономикалық нәтижелерін қарастыруға көшейік. Салыстыру үшін біз өткен жылдың алдыңғы кезеңіндегі және есепті кезеңдегі нақты деректерді пайдаланамыз.

мың теңге

Қаржы нәтижесі	01.03.2022ж. - 28.02.2023ж.	01.03.2023ж. - 29.02.2024ж.	Ауытқу, %	Түсіндірме
Кірістер, барлығы:	81 330,1	90 789,9	12%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	29 506	32 087,9	9%	Тарифті арттыру
Жылу энергиясын беру және тарату	51 824	58 702,0	13%	Тарифті арттыру
Шығыстар, барлығы	449 583	309 332	-31%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	216 261	166 606	-23%	Басқа ұйымдар қызметтері құнының өсуі
Жылу энергиясын беру және тарату	233 321	142 726	-38,8%	
Қаржы нәтижесі	-368 253	-218 542	-40,7%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	-186 755	-134 518	-28%	Басқа ұйымдар қызметтері құнының өсуі
Жылу энергиясын беру және тарату	-181 497	-84 024	-54%	

Қаржы нәтижесі	2022 жыл	2023 жыл	ауытқу, %	Түсіндірме
Кірістер, барлығы:	56 733,0	57 301,0	1%	
соның ішінде				
Тарату желілері бойынша ауыз суын беру	32 218	30 580,0	-5%	Көлемнің төмендеуі
Тарату желілері бойынша техникалық суды беру	16 233	16 366,0	1%	Тарифті арттыру
Ағынды суды бұрып жіберу	8 282	10 355,0	25%	Тарифті арттыру

Шығыстар, барлығы	100 371	107 427	7%	
соның ішінде				
Тарату желілері бойынша ауыз суын беру	56 607	54 518	-4%	Көлемнің төмендеуі
Тарату желілері бойынша техникалық суды беру	27 766	33 903	22,1%	Басқа ұйымдар қызметтері құнының өсуі
Ағынды суды бұрып жіберу	15 998	19 006	18,8%	
Қаржы нәтижесі	-43 638	-50 126	14,9%	
соның ішінде				
Тарату желілері бойынша ауыз суын беру	-24 389	-23 938	-2%	Көлемнің төмендеуі
Тарату желілері бойынша техникалық суды беру	-11 533	-17 537	52%	Басқа ұйымдар қызметтері құнының өсуі
Ағынды суды бұрып жіберу	-7 716	-8 651	12%	

Түсімнің (кірістің) ұлғаюына көрсетілген қызметтерге тарифтің ұлғаюы әсер етті; ұқсас өткен кезеңмен салыстырғанда шығыстардың азаюына басқа ұйымның желілер мен жабдықтарға қызмет көрсету және оларды пайдалану қызметтеріне қатысты шартты бұзу әсер етті.

Табиғи монополия саласына жататын қызметтерді көрсетудің қаржы нәтижесі

	Бекітілген тариф, теңге	Бірлік үшін нақты шығындар, теңге	(+) / (-)	%
Жылу энергиясын беру және тарату	190,15	462,32	272,17	143,1
Электр энергиясын беру және тарату	0,408	2,12	1,71	419,6
Тарату желілері бойынша шаруашылық ауыз су беру	232,71	414,87	182,16	78,3
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	113,34	232,85	119,51	105,4
Ағынды суды бұрып жіберу	126,76	229,27	102,51	80,9

Көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдері туралы ақпарат.

Есептік кезеңдердің қорытындылары бойынша «ПМХЗ» ЖШС табиғи монополиялар субъектісі ретінде мынадай қызметтер көлемін көрсетті:

Атауы	Барлығы	соның ішінде :			
		«ПМХЗ» ЖШС өзіндік қажеттіліктері		Қосалқы тұтынушыларға	
		Заттай көрсеткіштерде	Жалпы көлемдегі үлес, %	Заттай көрсеткіштерде	Жалпы көлемдегі үлес, %

Тарату желілері бойынша шаруашылық ауыз су беру, м ³	293 541	162 132	55,2%	131 409	44,8%
Тарату желілері бойынша техникалық су беру, м ³	589 804	444 202	75,3%	145 602	24,7%
Ағынды суды бұрып жіберу, м ³	4 914 588	4 831 680	98,3%	82 908	1,7%
Электр энергиясын беру және тарату, мың кВтс	539 833	461 180	85,4%	78 653	14,6%
Жылу энергиясын беру және тарату, Гкал	1 030 205	721 491	70%	308 714	30%

2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпанға дейінгі есепті кезеңдегі қосалқы тұтынушылар бөлінісінде жылу энергиясын беру және тарату қызметін ұсыну көлемін БТС-тағы деректермен салыстыру

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	БТС-дағы жоспарлы көлем, Гкал	Нақты көлем, Гкал	Ауытқу, %
1	«Ертіс сервис» ЖШС	103 923	85 788	-17%
2	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	162 557	179 567	10%
3	«Гелиос» ЖШС	19,5	17	-13%
4	«NFC Kazakhstan» ЖШС	7 000	0	-100%
5	«Эр Лиқид Мұнай Тех Газы» ЖШС	61 677	43 342	-30%
	Жиыны	335 177	308 714	-8%

Есептік кезеңде қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 308,714 мың Гкал-ды құрады, бұл бекітілген тарифтік сметадағы көлеммен салыстырғанда 8%-ға кем.

2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпанға дейінгі есепті кезеңдегі қосалқы тұтынушылар бөлінісінде электр энергиясын беру және тарату қызметін ұсыну көлемін БТС-тағы деректермен салыстыру

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	БТС-дағы жоспарлы көлем, мың кВт	Нақты көлем, мың кВт	Ауытқу, %
-------	--------------------	----------------------------------	----------------------	-----------

1	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	47 701	40 051	-16%
2	«Казбитумсервис» АҚ	1 720	1 029	-40%
3	«NFC Kazakhstan» ЖШС	500	245	-51%
4	«BIG Capital IST» ЖШС	470	366	-22%
5	«Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС	23 060	22 123	-4%
6	«Павлодароргсинтез» ЖШС	16 647	13 901	-16%
7	Басқа	2 934,6	938,8	-68%
	Жиыны	93 032,6	78 653	-15%

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 93 032,6 мың кВтс құрайды, есептік кезеңде қызметті тұтыну көлемі 78 653 мың кВтс құрады, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 15%-ға кем. Қызмет көрсету көлемінің төмендеуі жоспарланған жөндеу мерзімдерінің ұлғаюы салдарынан қызмет тұтынушыларының өндіретін өнім көлемінің төмендеуімен («Павлодароргсинтез» ЖШС), «Компания Нефтехим LTD» ЖШС бойынша - эпоксидті шайырларды компаундирлеу өндірісінің жаңа учаскесін іске қосу мерзімдерінің өзгеруіне байланысты байланысты болып отыр.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

Тұтынушылардың табиғи монополиялар саласына жататын көрсетілетін қызметтерге қажеттілігі жыл сайын қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде айқындалады. Тұтынушыларға қызметтерге тарифтердің өзгергені туралы уақытылы хабарланады.

Есептік кезеңде 4 тұтынушыға жылу энергиясын беру қызметтері көрсетілді. «ПМХЗ» ЖШС 15 тұтынушыға электр энергиясының берілімін жүзеге асырды.

2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпанға дейінгі кезең үшін жылу энергиясын беру және тарату қызметін тұтыну құрылымы

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	Есептік кезең үшін нақты көлем	Үлес, %
1	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	179 567	58,17%
2	«Ертыс сервис» ЖШС	85 788	27,79%
3	«Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС	43 342	14,04%

4	«Гелиос» ЖШС	17	0,01%
Жиыны		308 714	100%

2023 жылғы 01 наурыздан 2024 жылғы 29 ақпанға дейінгі кезең үшін қосалқы тұтынушылар бөлінісінде электр энергиясын беру және тарату қызметін тұтыну құрылымы

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	Есептік кезең үшін нақты көлем, мың кВт	Үлес, %
1	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	40 051	50,9%
2	«Эр Ликид Мунай Тех Газы» ЖШС	22 123	28,1%
3	«Павлодароргсинтез» ЖШС	13 901	17,7%
4	«Казбитумсервис» АҚ	1 029	1,3%
5	«BIG Capital IST» ЖШС	366	0,5%
6	«NFC Kazakhstan» ЖШС	245	0,3%
7	Басқа	939	1,2%
Жиыны		78 653	100%

Нақты көлемдер ай сайын «ПМХЗ» ЖШС және қосалқы тұтынушылар тарапынан қол қойылған тұтыну актілерімен расталады.

«ПМХЗ» ЖШС, табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2024 жылы зауыт пен қосалқы тұтынушыларды сумен-электрмен және жылумен жабдықтау сенімділігін арттырудың жоспарлы көрсеткіштерін орындау жұмыстарын жалғастырады.

2024 жылғы 24 сәуірдегі жағдай бойынша табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС тарифтері туралы ақпарат

Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін бағасы, теңге (ҚҚС қоспағанда)	Енгізу күні
Электр энергиясын беру	кВтс	0,408	01.03.2023 мен 29.02.2024 аралығы
		0,425	01.03.2024 мен 28.02.2025 аралығы
Жылу энергиясын беру	Гкал	190,15	01.03.2023 мен 29.02.2024 аралығы
		194,69	01.03.2024 мен 28.02.2025 аралығы
Шаруашылық су беру	м3	232,71	01.08.2022 бастап
Техникалық суды беру	м3	100,25	01.12.2021 бастап

		113,34	01.02.2023 бастап
Ағынды суды бұрып жіберу	м3	101,42	01.09.2021 бастап
		126,76	01.02.2023 бастап